

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 31 мамырдағы N 534 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне денсаулық сақтау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"  
Қазақстан Республикасының Заңы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат; 1998 ж., N 16, 219-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 20, 721-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 6, 141-құжат; 2001 ж., N 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., N 4, 32, 33-құжаттар; N 10, 106-құжат; N 17, 155-құжат; N 23-24, 192-құжат; 2003 ж., N 15, 137-құжат; N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 5, 22-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат):

2 6 6 - б а п т а :

тақырып "қызметпен," деген сөзден кейін "халықтық медицинамен (емшілікпен)" деген сөздермен толықтырылсын;

бірінші бөлімнің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қызметтің таңдап алынған түріне лицензиясы жоқ адамның жекеше медициналық практикамен, халықтық медицинамен (емшілікпен) немесе заңда белгіленген тәртіппен берілген тиісті құжатсыз жекеше фармацевтикалық қызметпен заңсыз айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқса,-".

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат; N 21-22, 281-құжат; 2002 ж., N 4, 33-құжат; N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 1-2, 3-құжат; N 4, 25-құжат; N 5, 30-құжат; N 11, 56, 64, 68-құжаттар; N 14, 109-құжат; N 15, 122, 139-құжаттар; N 18, 142-құжат; N 21-22, 160-құжат; N 23, 171-құжат; 2004 ж., N 6, 42-құжат; N 10, 55-құжат; N 15, 86-құжат; N 17, 97-құжат; N 23, 139-құжат; N 24, 153-құжат; 2005 ж., N 5, 5-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2005 жылғы 28 сәуірде және "Казахстанская правда" газетінде 2005 жылғы 21 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектерді әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңы ; "Егемен Қазақстан" газетінде 2005 жылғы 28 сәуірде және "Казахстанская правда" газетінде 2005 жылғы 23 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі Заңы ; "Егемен Қазақстан" газетінде 2005 жылғы 18 мамырда және "Казахстанская правда" газетінде 2005 жылғы 11 мамырда жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестиция мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 4 мамырдағы Заңы ):

1) 85-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"85-бап. Тәртіпті сақтамау және медициналық көмекті сапасыз көрсету

1. Медицина қызметкері кәсіптік міндеттерін орындамаса немесе тиісті деңгейде орындамаса, тәртіпті сақтамау және медициналық көмекті сапасыз көрсету, егер мұндай істерде қылмыстық-жазалау қылмыс белгілері болмаса, онда - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, лауазымды тұлғаларға - он беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Медициналық көмек көрсету тәртіп бұзылса, егер ол денсаулыққа орта дәрежеде немесе зиян келтіретін деп қалуы мүмкін болса, онда - жеке тұлғаларға онға дейінгі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға жиырмаға дейінгі, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Уәкілетті орган бекіткен медициналық көмек көрсетудің стандарттарын сақтамаған жағдайда, егер мұндай әрекеттердің қылмыстық-жазалау белгілері болмаса, о н д а -

жеке тұлғаларға онға дейінгі, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға отызға дейінгі, ірі бизнес

субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

2) 322-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"322-бап. Заңсыз медициналық және фармацевтикалық қызмет

1. Қызметтің осы түріне сертификаты, лицензиясы жоқ адамның жекеше медициналық практикамен немесе жеке фармацевтикалық қызметпен айналысуы, - жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің беске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға он беске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға жетпіске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады."

2. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарында оны медицина қызметкерінің ақылы негізде көрсетуі, - жеке тұлғаларға - айлық есептік көрсеткіштің онға дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға - отызға дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Әкімшілік жаза қолданғаннан кейінгі бір жылдың ішінде осы баптың бірінші және екінші тармақтарында көзделген әрекеттерді қайталап жасау, - маман сертификатынан айыра отырып, жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің отызға дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын лауазымды тұлғаларға, заңды тұлғаларға - жетпіске дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға - әкімшілік құқық бұзушылық жасау арқылы алынған кірістері тәркілене отырып, айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Емшінің тиісті дипломы немесе заңда белгіленген тәртіппен берілген арнайы рұқсаты бар адамның бұқаралық емдеу сеанстарын, оның ішінде - бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып өткізуі, - емшінің тиісті дипломын немесе заңда белгіленген тәртіппен берілген арнайы рұқсатты қайтарып ала отырып, айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

3 ) 3 2 4 - б а п т а :

бірінші бөлімнің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің жетпіске дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға - бір жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға оның қызметін тоқтата тұрып, бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

екінші бөлімнің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын

және орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға - екі жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға оның қызметін тоқтата тұрып, құқық бұзушылықтың тікелей объектілерін және әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кірістерді тәркілей отырып, бір мың бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

үшінші бөлімнің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде, шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі болып табылатын лауазымды тұлғаларға, жеке кәсіпкерлерге, заңды тұлғаларға - төрт жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі бизнес субъектісі болып табылатын заңды тұлғаларға, құқық бұзушылықтың тікелей объектілерін және әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде алынған кірістерді тәркілей отырып, сондай-ақ оның қызметіне тыйым сала отырып, екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады." ;

4) 541-баптың бірінші бөлімінде:

"80-86" деген сандар "80-84, 86" деген сандармен толықтырылсын;  
"318-322" деген сандар "318-321, 322 (үшінші және төртінші бөлімдермен)" деген сөздермен ауыстырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 557-2-баппен толықтырылсын:

"557-2-бап. Медициналық қызметтің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган

1. Медициналық қызметтің сапасын бақылау жөніндегі мемлекеттік орган және оның аумақтық бөлімшелері өзінің құзыреті шегінде осы Кодекстің 85, 322 (бірінші және екінші тармақтар) баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды .

2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға және әкімшілік жазалар қолдануға медициналық қызмет көрсету саласында бақылау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік орган басшысының және оның орынбасарларының, аумақтық бөлімшелер басшыларының және олардың орынбасарларының құқығы бар."

6) 636-баптың бірінші тарауының 1) тармақшасының оныншы абзацында:

"85" деген сан алынып тасталсын;

"322" деген саннан кейін "(үшінші және төртінші тармақтармен)" деген сөздермен толықтырылсын.

3. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-кұжат; N 12, 88-кұжат; N 14, 93-кұжат; N 15-16, 109-кұжат; N 24, 162-кұжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-кұжат; 1997 ж., N 1-2, 8-кұжат; N 7, 80-кұжат; N 11, 144, 149-кұжаттар; N 12, 184-кұжат; N 13-14, 195, 205-кұжаттар; N 22, 333-кұжат; 1998 ж., N 14, 201-кұжат; N 16, 219-кұжат; N 17-18, 222, 224

, 225-құжаттар; N 23, 416-құжат; N 24, 452-құжат; 1999 ж., N 20, 721, 727-құжаттар; N 21, 787-құжат; N 22, 791-құжат; N 23, 931-құжат; N 24, 1066-құжат; 2000 ж., N 10, 248-құжат; N 22, 408-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 8, 52, 54-құжаттар; N 13-14, 173, 176-құжаттар; N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 2, 17-құжат; N 15, 151-құжат; N 19-20, 165-құжат; 2003 ж., N 1-2, N 4, 25-құжат; N 6, 34-құжат; N 10, 50, 51-құжаттар; N 11, 69-құжат; N 14, 107-құжат; N 15, 124, 128, 139-құжаттар; 2004 ж., N 2, 9-құжат; N 10, 54-құжат; N 14, 82-құжат; N 15, 86-құжат; N 16, 91-құжат; N 17, 98-құжат):

9 - б а п т а :

1-тармақтың 28) тармақшасында "дайындау" сөзі алынып тасталсын;

25-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөліммен толықтырылсын:

"Медициналық және фармацевтикалық қызмет саласындағы лицензиялау ережелерінің сақталуын бақылауды денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады."

4. "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 13, 429-құжат; N 23, 927-құжат; 2001 ж., N 13-14, 173-құжат; N 24, 338-құжат; 2004 ж., N 18, 111-құжат; N 23, 140-құжат):

1) 29-бап мынадай мазмұндағы 3-1-тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ауылдық жерлерде үш жыл бойы жұмыс істеу шартымен мамандарды даярлау үшін мемлекеттік білім беру гранттарының шеңберінде квота белгілейді";

2 ) 3 0 - б а п т а :

3-3) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: ", медициналық және фармацевтикалық білім берудің типтік (базистік) оқу бағдарламалары және оқу ж о с п а р л а р ы н қ о с п а ғ а н д а " ;

4) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: "медициналық және фармацевтикалық білім беруді қоспағанда,";

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты қоспағанда, бюджеттік қаражаттар есебінен конкурстық негізде мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастырады";

19) тармақша мынадай мазмұндағы сөздермен толықтырылсын: ", денсаулық сақтаудың медициналық және фармацевтикалық ұйымдарын қоспағанда".

5. "Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1068-құжат; 2001 ж., N 23, 309-құжат; 2003 ж., N 18, 142-құжат; 2004 ж., N 24, 149 - құжат) :

8-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 16) тармақшамен толықтырылсын:

"16) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және мерзімдерде алдын алу және міндетті медициналық тексерулерден өтуге тиісті адамдардың осы тексерулерден уақтылы өтуін қамтамасыз ету."

6. "Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын азаматтарды мәжбүрлеп емдеу туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 24, 1071 - құжат) :

3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөліммен толықтырылсын:

"Қылмыстық-атқару жүйесінің түзету мекемелерінен босатылған, туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын, емдеуден ерікті түрде жазбаша бас тартқан азаматтарға соттың шешімімен мәжбүрлеп емдеу тағайындалады, ол үшін түзету мекемесінің әкімшілігі босатқанға дейін бір ай бұрын материалды сотқа жолдайды."

7. "Қазақстан Республикасында жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 3, 17-құжат; N 9, 86-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 10, 103-құжат; 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 17, 97-құжат; N 24, 144-құжат):

1) 6-баптың 2-тармағы: "және ауылдық жерлерге жұмыс істеу үшін жіберілген медицина қызметкерлерін әлеуметтік қолдау шараларының жүйесін, сондай-ақ әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерлерін айқындау." деген сөздермен толықтырылсын;

2) 27-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 14-2) тармақшамен толықтырылсын:

"14-2) мемлекеттік меншік нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдарының кадрмен қамтамасыз етілуін бақылауды жүзеге асырады;"

3) 31-баптың 1-тармағының 14) тармақшасы: "және ауылдық денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етуге ықпал етеді."

8. "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 15-16, 226-құжат; 2004 ж., N 23, 142 - құжат) :

18-баптың 1-тармағының 4-1) және 8) тармақшалары ", денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын.

9. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 9, 95-құжат; 2004 ж., N 14, 83-құжат; N 17, 101-құжат):

10-баптың 3-тармағы 3-бөлімнен кейін мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Дәрілік заттарды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бір орталық арқылы сатып алған жағдайда конкурсты ұйымдастырушылар болып денсаулық сақтаудың жергілікті мемлекеттік басқару органдары (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) белгіленеді. Вакциналар мен басқа да иммундық биологиялық

препараттарды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен бір орталық арқылы сатып алу кезінде конкурсты ұйымдастырушылар болып жергілікті мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары белгіленеді."

10. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 21, 176-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; "Егемен Қазақстан" газетінде 2005 жылғы 28 сәуірде және "Казахстанская правда" газетінде 2005 жылғы 23 сәуірде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне лицензиялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 15 сәуірдегі Заңы):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"қадағалау" және "қадағалауды" деген сөздер "бақылау" және "бақылауды" деген сөздермен ауыстырылсын;

"халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті орган", "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органның" және "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органды" деген сөздер "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган", "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның" және "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органды" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 1-баптың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"32) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленетін, азаматтардың денсаулығын сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызмет, медициналық және фармацевтикалық ғылым және білім сапасын бақылау жөніндегі саланы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

3) 6 - бапта:

1) тармақшада "өзірлейді" деген сөз "айқындайды" деген сөзбен ауыстырылсын: мынадай мазмұндағы 8), 9), 10), 11) және 12) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

9) халықтың пайдалануына және қолдануына, сондай-ақ шаруашылық қызметке арналған өнімдерді Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге, сондай-ақ өндіруге, қолдануға және сатуға тыйым салу тәртібін айқындайды;

10) алдын алу егулері жүргізілетін аурулардың тізбесін, оларды жүргізудің тәртібін, мерзімдерін және жоспарлы егілуге жататын халықтың топтарын айқындайды;

11) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру тәртібін белгілейді;

12) пайда болу және таралу қаупі туындаған кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін жұқпалы аурулардың тізбесін белгілейді.";

4 ) 7 - б а п т а :

1) тармақшада "жүргізеді" деген сөз "әзірлейді және іске асырады" деген сөздермен ауыстырылсын ;

32), 33), 34), 35), 36), 37), 38), 39), 40) тармақшалармен толықтырылсын:  
"32) санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерін аралаудың еселілігін белгілейді ;

33) актілердің, хаттамалардың, қаулылардың, ұйғарымдардың нысандарын, оларды жасау мен бекітудің тәртібін бекітеді;

34) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мәселелеріне қатысты нормативтік құқықтық кесімдерді келіседі;

35) адамның денсаулығына зиянын тигізетін заттардың жекелеген өнімдерін мемлекеттік тіркеу тәртібін белгілейді;

36) халықтың декреттелген топтарын міндетті медициналық тексеруден өткізудің және оларға жұмыс істеуге рұқсат берудің тәртібі мен мерзімділігін белгілейді;

37) зиянды өндірістік факторлардың, алдын ала және мерзімдік медициналық тексерулер міндетті болатын кәсіптердің тізбесін белгілейді;

38) медициналық құжаттарды берудің, есепке алудың және жүргізудің тәртібін айқындайды ;

39) аурулар мен уланудың көрсетілген жағдайларын мемлекеттік есепке алуды жүргізудің, сондай-ақ олар бойынша есеп жүргізудің тәртібін белгілейді;

40) адамдардың жұқпалы, паразитарлық, кәсіби аурулары мен улану жағдайларын санитарлық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының тергеу тәртібін белгілейді.";

5) 7-1-баптың тақырыбында және бірінші абзацында "халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" деген сөздер "денсаулық сақтау" деген сөздермен ауыстырылсын;

6 ) 8 - б а п т а :

11) тармақшада "қатысады" деген сөз "бойынша ұсыныстар енгізеді" деген сөздермен ауыстырылсын ;

13) тармақшада "бағдарламаларды іске асыруға қатысады" деген сөздер "өңірлік бағдарламаларды іске асырады" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) тармақшада "жүргізуге қатысады" деген сөздер "жүргізуді ұйымдастырады" деген сөздермен ауыстырылсын ;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) жобалардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасын жүргізеді";

7) 16-баптың 4-тармағында "өнімдер," деген сөзден кейін "тіркелген және" деген сөздермен толықтырылсын.



11. "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 11 , 70-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1), 1-2) және 2-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"1-1) дәрігерлік қызмет - тиісті сертификаты, жоғары медициналық білімі бар мамандар жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардың азаматтардың денсаулығын сақтауға бағытталған кәсіби қызметі;

1-2) тегін медициналық көмектің кепілді көлемі - Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген, Қазақстан Республикасының азаматтарына көрсетілетін медициналық қызметтің тізбесі бойынша бірыңғай медициналық көмектің көлемі;"

"2-1) медициналық көмектің сапасы - көрсетілетін медициналық көмектің уәкілетті орган бекіткен және қолданыстағы денсаулық сақтау жүйесі мен нақты медициналық ұйымның нақты жағдайларында медициналық ғылым мен технологияның дамуының қазіргі заманғы деңгейінің негізінде белгіленген стандарттарға сәйкестік мөлшері;"

4) және 6) тармақшалар мынадай мазмұнда жазылсын:

"4) медициналық көмек - халықтың денсаулығын сақтау мен қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызмет кешені;"

"6) медициналық қызмет - бұл медицина қызметкерлерінің нақты адамға қатысты алдын алуға, диагностикалауға, емдеуге немесе оңалтуға бағытталған іс-қимылы;"

мынадай мазмұндағы 6-1), 6-2), 6-3), 6-4), 6-5) тармақшалармен толықтырылсын:

"6-1) бейін маманы - клиникалық бейіндегі белгілі мамандығы бойынша сертификаты, жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкері;

6-2) алдын алу - салауатты өмір салтын қалыптастыруға, аурулардың туындауын (және олардың күшеюін) болдырмауға бағытталған медициналық қызмет кешені;

6-3) диагностика - аурудың диагнозын қоюға бағытталған медициналық қызмет к е ш е н і ;

6-4) емдеу - ауруларды жоюға және уақытша тоқтатуға, сондай-ақ олардың күшеюін болдырмауға бағытталған медициналық қызмет кешені;

6-5) медициналық оңалту - организмді сақтауға, айырылған функциясын ішінара немесе толық қалпына келтіруге бағытталған медициналық қызмет кешені.";

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленетін, азаматтардың денсаулығын сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызмет, медициналық және фармацевтикалық ғылым және білім сапасын бақылау жөніндегі саланы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу - жұмыс берушінің қаражаты

есебінен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін көрсетуге мемлекеттік тапсырыс алу үшін денсаулық сақтау субъектілерінің мәртебесі мен құқықтарын айқындау және медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметті ұсыну рәсімі.";

2) 3 - баптың 2 - тармағында :

2-тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) дәрілік заттардың тиімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;"

4) тармақша "медициналық" деген сөзден кейін "және фармацевтикалық" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 4-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Жеке меншік нысанындағы денсаулық сақтау субъектілерінің мемлекеттік медициналық ұйымдардағы қызметіне тыйым салынады.";

4) 5-баптың 5) тармақшасы алынып тасталсын;

5) 6 - бапта :

мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"3-1) тегін медициналық көмектің кепілді көлемінің тізбесін бекітеді;

3-2) медициналық көмектің сапасын бақылау тәртібін бекітеді;"

8) тармақша алынып тасталсын;

6) 7 - бапта :

мынадай мазмұндағы 2-1), 2-2) және 2-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"2-1) ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың, оның ішінде білім беру және ғылым ұйымдарының басшыларын лауазымға тағайындайды және одан босатады;

2-2) медициналық және фармацевтикалық білім берудің үлгілік (базистік) оқу бағдарламаларын және оқу жоспарларын әзірлеуді ұйымдастырады және бекітеді;

2-3) медициналық және фармацевтикалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекітеді;"

б) тармақша "құжаттар" деген сөзден кейін "мен есепке алу-есеп беру құжаттамаларының нысандарын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) және 11-1) тармақшалармен толықтырылсын:

"8-1) фармацевтикалық қызмет объектілері басшыларының кәсіби құзыретіне арналған кезеңдік аттестаттауды жүргізеді;"

"11-1) медициналық қызмет жарнамаларының ережесін әзірлейді;"

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың айналымына байланысты өндіру, тасымалдау, сатып алу, сақтау, тарату, іске асыру, пайдалану, жою қызметтерін лицензиялауды;"

мынадай мазмұндағы 14-1) және 14-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"14-1) меншік нысанына қарамастан жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білім беретін білім беру ұйымдарын, сондай-ақ

орта медициналық және фармацевтикалық білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ведомстволық бағыныстағы білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді;

14-2) меншік нысанына қарамастан, денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдарды мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастырады және жүргізеді;

15) тармақшадағы "емдік препараттарды (малдың, құрамында есірткі және психотроптық заттар жоқ өсімдіктер мен шөптердің емдік өнімдерін өсіру, жинау және сатудан басқа) дайындау мен сату" деген сөздер алынып тасталсын;

16) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 17-1) тармақшамен толықтырылсын:

"17-1) тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету бойынша мемлекеттік сатып алу тәртібін белгілейді;"

18) тармақша алынып тасталсын;

19) тармақшада "дәрігерлік лауазымдар және" деген сөздер "және медициналық және фармацевтикалық біліктілік сипаттамаларын" деген сөздермен ауыстырылсын;

21-1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"21-1) медицина кадрлары үшін бірінші және жоғары біліктілік санатын, фармацевтика кадрлары үшін барлық біліктілік санаттарын беру емтихандарын өткізеді ;  
";

мынадай мазмұндағы 21-2) және 21-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-2) медицина және фармацевтика кадрлардың біліктілігі арттыру және қайта даярлау тәртібін, сондай-ақ оларды осы мақсатта шетелге жіберу тәртібін белгілейді;

21-3) жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды даярлау, медициналық және фармацевтикалық білімі бар мамандарды кәсіби құзыреттілікке аттестаттау тәртібін белгілейді;"

мынадай мазмұндағы 26-1), 26-2), 26-3), 26-4), 29) тармақшалармен толықтырылсын :

26-1) тәуелсіз сараптама жүргізу тәртібін белгілейді және әртүрлі бейін мамандарының санынан тәуелсіз сарапшылардың деректер жинақтамасын қ а л ы п т а с т ы р а д ы ;

26-2) медициналық қызметті қолдануды есепке алуды дербестендіру жөніндегі ш а р а л а р д ы э з і р л е й д і ;

26-3) конкурстық негізде бюджеттік қаражаттар есебінен медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын о р н а л а с т ы р а д ы ;

26-4) конкурстық негізде денсаулық сақтау кадрларының біліктілігін арттыру мен қайта даярлауға мемлекеттік тапсырысты орналастырады;

"29) денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді жүргізеді және аккредиттеу критерийлерін эзірлейді;"

7) 8 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы :

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) мемлекеттік меншік нысанындағы денсаулық сақтау ұйымдарын кадрмен камтамсыз етуді ұйымдастырады;"

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"8) денсаулық сақтаудың мемлекеттік және мемлекеттік емес секторлары қызметін үйлестіреді;"

11-1) тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"дәрілік заттарды бөлшек саудамен сату;"

8) 9-баптың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) фармацевтикалық қызмет объектілері басшыларын қоспағанда, медициналық қызметті жүзеге асыратын мамандарды кәсіби құзыреттілігіне аттестаттаудан өткізу;"

9) 11-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"11-бап. Денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеу

Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсетуге мемлекеттік тапсырыс алу үшін денсаулық сақтау субъектілерін аккредиттеуді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді."

10) мынадай мазмұндағы 11-1) тармақшамен толықтырылсын:

"11-1-бап. Медицина сарапшыларын аккредиттеу

Медицина сарапшыларын аккредиттеуді тәуелсіз сарапшылардың деректер жиынтығын қалыптастыру және кейіннен оларды белгіленген тәртіппен тәуелсіз сараптама жүргізуге тарту мақсатында денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган ө т к і з е д і .

Тәуелсіз сарапшылардың деректер жиынтығы - тәуелсіз сараптамаға оларды тарту үшін тиісті мәртебесі мен құқықтылығы бар медицина қызметкерлерінің тізілімі."

11) 14-бап мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;"

12) 17-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"17-бап. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру нысандары

Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарын қаржыландыру мынадай нысандарда:

мемлекеттік медициналық мекемелер жеке қаржыландыру жоспары бойынша;

мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, денсаулық сақтау ұйымдары Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысандар бойынша бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерімен шарттық негізде;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін және тіркелген халқы бар ұйымдар жан басына шаққандағы норматив бойынша жүзеге асырылады.";

13) 19 - бапта :

тақырыбы мен бірінші абзац "медициналық" деген сөзден кейін "және фармацевтикалық" деген сөзбен толықтырылсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Денсаулық сақтау жүйесінің мемлекеттік мекемелерінің негізгі және қосымша түрлері құрылтайшылық құжаттарға сәйкес белгіленеді.";

14) 20 - бапта :

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) дәрігерге дейінгі медициналық көмек;"

3-тармақтың 3) тармақшасында "денсаулық сақтау ұйымдары" деген сөздер "медициналық ұйымдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 21-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"21-бап. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек

1. Дәрігерге дейінгі медициналық көмек - алдын алу мақсатында, сондай-ақ дәрігердің қатысуымен диагностиканың, емдеу мен оңалтудың әдістерін пайдалануды талап етпейтін аурулар кезінде орта медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін көмек.

2. Дәрігерге дейінгі медициналық көмектің түрлері мен көлемін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

16) 22-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Білікті медициналық көмек - ауырған кезде жоғары медициналық білімі бар медицина қызметкерлері көрсететін диагностиканың, емдеу мен оңалтудың мамандандырылған әдістерін талап етпейтін медициналық көмек.";

17) 23-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мамандандырылған медициналық көмек - ауырған кезде бейін мамандары көрсететін диагностиканың, емдеу мен оңалтудың арнайы әдістерін қажет ететін медициналық көмек.";

18) 24-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жоғары мамандандырылған медициналық көмек -денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген медициналық ұйымдарда ауырған кезінде бейін мамандары көрсететін диагностиканың, емдеу мен оңалтудың жаңа технологияларын пайдалануды талап ететін медициналық көмек.";

19) 26-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"26-бап. Медициналық көмек көрсету нысандары

Медициналық көмек мынадай нысандарда көрсетілуі мүмкін:

1) жедел медициналық көмек;

2) амбулаториялық-емханалық көмек;

бастапқы медициналық-санитарлық көмек;

консультациялық-диагностикалық көмек;

3) стационарлық көмек;

4) стационарды алмастыратын көмек;

санаторий-курорттық емдеу.";

20) 27-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жедел медициналық көмек - денсаулыққа айтарлықтары зиянды болдырмау немесе өмірге төнген қатерді жою үшін аса шұғыл медициналық көмекті талап ететін аурулар мен жағдайлар туындаған кездегі медициналық көмекті ұсыну нысаны.";

21) 28-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"28-бап. Амбулаториялық-емханалық көмек

1. Амбулаториялық-емханалық көмек - тәуліктік медициналық бақылаусыз бастапқы медициналық-санитарлық және консультациялық-диагностикалық көмекті ұсыну нысаны.

2. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардың қызметі азаматтардың медициналық көмекке қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында олардың тұрғылықты және/немесе тіркелген жері бойынша медициналық ұйымды еркін таңдау құқығы ескеріле отырып, аумақтық принцип бойынша құрылады. Амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері қызметінің көлемі уәкілетті орган белгілеген нормативтерге сәйкес айқындалады.";

22) мынадай мазмұндағы 28-1, 28-2-баптармен толықтырылсын:

"28-1-бап. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек

1. Бастапқы медициналық-санитарлық көмек - адам, отбасы мен қоғам дейінде көрсетілетін, қолжетімді медициналық қызметтер көрсету кешенін қамтитын амбулаториялық-емханалық нысанда ұсынылатын дәрігерге дейінгі немесе білікті медициналық көмек және оған:

1) неғұрлым кең таралған аурулардың диагностикасы және емдеу, сондай-ақ жарақаттану, улану және кешеуілдетуге болмайтын басқа да жағдайлар;

2) санитарлық-гигиеналық, эпидемияға қарсы іс-шаралар және аурулардың алдын алу ;

3) халықты гигиеналық оқыту мен тәрбиелеу, отбасын, ананы, әкені және баланы қорғау ;

4) халықтың сумен қамтылу қауіпсіздігі және кенеулі тамақтануы жөніндегі түсінік жұмыстары кіреді .

2. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті мынадай мамандар: учаскелік терапевтер, педиатрлар, акушер-гинекологтар, жалпы практика дәрігерлері, фельдшерлер, акушеркалар, жеке үй-жайлары жоқ медицина қызметкерлері көрсетеді.

3. Көрсету тәртібін, сондай-ақ азаматтарды бастапқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдарына тіркеу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган

б е л г і л е й д і .

4. Бастапқы медициналық-санитарлық көмекті ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті мемлекеттік басқару органы жүзеге асырады.

28-2-бап. Консультациялық-диагностикалық көмек

1. Консультациялық-диагностикалық көмек - амбулаториялық-емханалық нысанда ұсынылатын мамандандырылған немесе жоғары мамандандырылған медициналық көмек .

2. Консультациялық-диагностикалық көмек көрсету тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.";

2 3 ) 2 9 - б а п т а :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Стационарлық көмек - тәуліктік медициналық бақылау арқылы білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті ұсыну нысаны . " ;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

"5. Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберіндегі стационарлық көмек денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген ауруханаға жатқызу жағдайларының жоспарланған санының шегінде (шектелген көлемдері) көрсетіледі.";

24) 30-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Стационарды алмастыратын көмек - бір күннің ішінде ұзақтығы 4 сағаттан 8 сағатқа дейін болатын медициналық бақылауы бар дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмекті ұсыну нысаны.";

25) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Санаторий-курорттық емдеу - табиғи-климаттық, физиотерапиялық және басқа да емдеу факторларын пайдалана отырып, алдын алу және оңалту жөніндегі медициналық көмекті ұсыну нысаны.";

26) мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

"32-1-бап. Салауатты өмір салтын насихаттау

Салауатты өмір салтын насихаттау медициналық қызмет көрсету түрі болып табылады және салауатты өмір салтын қалыптастыру, аурулардың алдын алу және азаматтардың салауатты өмірімен байланысты аурулардың алдын алу мәселелерінде халықты ақпараттық қамтамасыз ету, оқыту және гигиеналық тәрбиелеу арқылы халықтың денсаулығын нығайтуды қамтиды.

Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның үйлестіру және әдістемелік басшылығы кезінде салауатты өмір салтын насихаттауды меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау субъектілері қамтамасыз етеді.

Салауатты өмір салтын насихаттау, аурулардың алдын алу және халықтың денсаулығын нығайту жөніндегі іс-шараларды басқа мүдделі министрліктермен, халықаралық ұйымдармен бірлесе отырып, қоғамдық, үкіметі емес ұйымдардың қатысуымен денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган өткізеді.";

27) 33-баптың 1-тармағында:

бірінші бөлімде "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган беретін" деген сөздер алынып тасталсын;

екінші бөлімде "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақта "денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) мынадай мазмұндағы 34-1 баппен толықтырылсын:

"34-1-бап. Денсаулық сақтау жүйесіндегі мемлекеттік мекемелердің ақылы қызмет көрсету тәртібі

1. Ақылы қызметті санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулез, психоневрология мекемелері, денсаулық сақтау жүйесінің сот сараптама органдары, лепрозорийлер көрсетеді.

2. Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулез, психоневрология мекемелері, денсаулық сақтау жүйесінің сот сараптама органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынған, тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен қаражаттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің белгілеген тәртібімен пайдаланылады.";

29) мынадай мазмұндағы 5-1-тараумен толықтырылсын:

"5-1-тарау. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру

34-2-бап. Халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру

1. Қазақстан Республикасында халыққа медициналық көмекті ұйымдастыру мен көрсетуді денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган, облыстардағы (республикалық маңызы бар қалалар, астаналар) мемлекеттік денсаулық сақтауды басқару органдары, меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдары және денсаулық сақтау жүйесіне кіретін жеке медициналық практикамен шұғылданатын жеке тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Денсаулық сақтау ұйымдары мен жеке медициналық практикамен шұғылданатын жеке тұлғалар:

1) лицензияға сәйкес сапалы медициналық көмек көрсетуді;

2) диагностиканың, алдын алу мен емдеудің әдістерін, сондай-ақ денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган рұқсат берген дәрілік заттарды қолдануды;

3) төтенше жағдайлардағы жұмысқа дайындықты;

4) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың, сондай-ақ кәсіптік аурулардың алдын алу, диагностикалау мен емдеу жөніндегі алдын алу медициналық іс-шараларын өткізуді;



5) азаматтарға медициналық көмектің нысандары мен түрлері туралы тегін, жедел және нақты ақпарат ұсынуды;

6) санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді сақтауды;

7) басқа да денсаулық сақтау ұйымдарымен өзара іс-қимыл мен сабақтастықты;

8) салауатты өмір салтын насихаттауды және халықты санитарлық-гигиеналық тәрбиелеуді;

9) бастапқы медициналық құжаттарды жүргізуді, денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган мен мемлекеттік статистика белгілеген нысандар, түрлер, көлем, тәртіппен мерзімдер бойынша есептер тапсыруды;

10) венерологиялық аурулармен, АҚТҚ/ЖҚТБ-мен, туберкулездің жұқпалы түрімен, алапеспен, микроспориямен, трихофитиямен, қышымамен және басқа да жұқпалы аурулармен ауыру, улану, айналасындағылар үшін қауіп төндіретін психикалық және мінез-құлықтық бұзылу жағдайлары туралы денсаулық сақтау саласындағы тиісті мемлекеттік органдарға, ал жаңа алынған жарақаттар, қылмыстық түсіктер, сондай-ақ айналасындағылар үшін қауіп төндіретін аурулар туралы ішкі істер органдарына хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті.";

30) 35-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) медициналық қызметтің сапасын сараптау;"

3) тармақша алынып тасталсын;

31) 36-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"36-бап. Медициналық қызмет сапасының сараптамасы

1. Медициналық қызмет сапасының сараптамасы - медициналық көмек пен медициналық қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалардың емдеу-алдын алу қызметінің деңгейі мен сапасы жөнінде қорытынды жасау үшін жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, талдамалық және практикалық іс-шаралардың жиынтығы.

2. Медициналық қызмет сапасының сараптамасын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

Медициналық қызмет сапасының сараптамасына:

1) көрсетілетін медициналық көмектің көлемі мен сапасын, медициналық ұйымдарды қаржыландыру мөлшерінің негізділігін анықтау;

2) медицина қызметкерлерінің біліктілік деңгейінің салалық нормативтер талаптарына сәйкестігін анықтау;

3) медициналық қондырғылармен жабдықталудың белгіленген нормативтерге сәйкестігін анықтау;

4) азаматтардың денсаулық сақтау саласындағы құқықтарының қорғалуын қамтамасыз ету;

5) азаматтардың көрсетілетін медициналық көмек пен медициналық қызметтердің

деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін анықтау;

б) лицензиямен белгіленген медициналық көмектің түрлерінің сәйкестігін анықтау;

7) сапасыз медициналық қызметтің себептерін айқындау, оларды жою және медициналық көмек көрсетуді жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдау жөніндегі ұсыныстарды енгізу кіреді.

3. Медициналық қызмет сапасының сараптамасын ұйымдастыру және өткізу тәртібін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді.

4. Медициналық қызмет сапасы сараптамасының қорытындысына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

32) 38-бап алынып тасталсын;

33) 40-баптың 1-тармағы "сот сараптамасы органдары, сондай-ақ "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабында көрсетілген адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

34) 42-баптың 1-тармағында:

"биологиялық" деген сөзден кейін "клиникаға дейінгі" деген сөзбен толықтырылсын;

"зерттеулер" деген сөзден кейін "биоэвиваленттілігін белгілеу" деген сөздермен толықтырылсын;

35) 44-бапта:

1-тармақтың бесінші абзацы алынып тасталсын;

2-тармақтың 5) тармақшасында "қадағалау" деген сөз "бақылау" деген сөзбен ауыстырылсын;

36) 45-бапта:

2-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

37) 47-бапта:

1-тармақта "айқындауды" деген сөз "қалыптастыруды" деген сөзбен алмастырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Ғылыми зерттеу бағдарламаларын қаржыландыру республикалық бюджеттің есебінен және Қазақстан Республикасының заңдарымен тыйым салынбаған өзге де қаржыландыру көздерінен жүзеге асырылады.";

38) 49-бап мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Маманның тиісті сертификаты жоқ, сондай-ақ оны қолдану мерзімі біткен жағдайда жеке тұлғалардың дәрігерлік қызметпен шұғылдануына тыйым салынады.";

39) 51-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы тоғызыншы абзацпен толықтырылсын:

"жоғары сапалық деңгейде кәсіби міндеттерін орындағандығы үшін көтермелеу";

3-тармақтың бірінші абзацта "өтемақылар" деген сөздер "әлеуметтік қолдау шаралары" деген сөздермен ауыстырылсын;

баптың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"52-бап. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің еңбек қатынасы";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Денсаулық сақтау ұйымдары қызметкерлерінің лауазымдарына қойылатын біліктілік талаптарын денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілейді."

12. "Дәрілік заттар туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 13 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 2, 8-күжат; N 23, 142-күжат):

1) бүкіл мәтін бойынша:

"мемлекеттік орган", "мемлекеттік органның", "мемлекеттік орган" деген сөздер "уәкілетті орган", "уәкілетті органның", "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

"немесе олардың аумақтық бөлімшелері", "және олардың аумақтық бөлімшелерінің", "және олардың аумақтық бөлімшелерінің" деген сөздер алынып тасталсын;

"қадағалау және", "және қадағалау", "қадағалау және", деген сөздер алынып тасталсын;

2) 1 - б а п т а :

2) тармақшада "дәріхана пункті, дәріхана дүңгіршегі" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "(витамин тәрізділер, макро және микроэлементтер, амин қышқылдары, майла қышқылдар, антиоксиданттар және басқалар)," деген сөздер алынып тасталсын;

7) тармақшада "мен дайындау" деген сөздер алынып тасталсын;

8) тармақшада "дайындалған немесе" деген сөздер алынып тасталсын;

8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау - фармацевтикалық қызметті регламенттейтін нормативтік құқықтық актілердің бұзылуын анықтауға және жол бермеуге және фармацевтикалық қызметті Қазақстан Республикасының дәрілік заттар айналымы саласындағы талаптарға сәйкес келтіруге бағытталған іс-қимылдар кешені";

9) және 13) тармақшалар алынып тасталсын;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) медициналық иммунобиологиялық препараттар - жұқпалы және иммундық (аллергиялықты қоса алғанда) аурулардың арнайы алдын алуға, диагностикасына және емдеуге, басқа да аурулар мен физиологиялық жай-күйлерді иммунологиялық әдістердің көмегімен диагностикалауға, айналасындағы объектілерде жұқпалы агенттер мен олардың антигендерін индикациялауға арналған препараттар, иммундық жүйе арқылы емдік және алдын алу әсерін тигізетін қан (алу тәсіліне қарамастан)

п р е п а р а т т а р ы ; " ;

18) және 20) тармақшаларда "және дайындау" деген сөздер алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы 21-1) және 21-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"21-1) медицина техникасы - аурулардың алдын алуға, диагностикасына, емдеуге, оналтуға арналған жекелеген, кешенді немесе жүйелі түрде медициналық мақсатта қолданылатын аппараттар, жабдықтар, приборлар, құрылғылар, медициналық сипаттағы зерттеулер, соның ішінде сериялы өндірілетін протездер мен имплантанттар.

21-2) медициналық мақсаттағы бұйымдар - алдын алу, диагностикалау және емдеу мақсатында пайдаланылатын бұйымдар.";

36) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"36) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленетін, азаматтардың денсаулығын сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызмет, медициналық және фармацевтикалық ғылым және білім сапасын бақылау жөніндегі саланы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;"

39) тармақшада "жасалуын," деген сөз алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 43), 44) және 45) тармақшалармен толықтырылсын:

"43) дәрілік заттардың халықаралық патенттелмеген атауы - дәрілік заттың Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған атауы;

44) дәрілік формуляр - олардың жеткілікті мөлшерде болуы міндетті ұйымның бейінін ескере отырып, тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін жасалған, денсаулық сақтау ұйымының жетекшісі бекітетін дәрілік заттардың тізбесі;

45) биобаламалық - олардың тиімділігі мен қауіпсіздігінің бірдейлігін болжауға мүмкіндік беретін, бірдей дозада және жағдайда енгізгеннен кейін, олардың бірдей биоқолжетімділігін растайтын (сіңу жылдамдығы мен дәрежесі) екі дәрілік заттың салыстырмалы сипаты.";

3) 4-баптың 2) тармақшасында "түрлерін" деген сөз алынып тасталсын;

4 ) 5 - б а п т а :

5) тармақшада "жеке және" деген сөздер алынып тасталсын;  
мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) фармацевтикалық қызметте және дәрілік заттардың қауіпсіздігі, тиімділігі және сапасын бақылауды жүзеге асыру ережесін бекітеді;

7-2) дәрілік заттарды тіркеу және қайта тіркеу, сондай-ақ кейіннен дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтарып ала отырып, мемлекеттік тіркеу күшін тоқтата тұру тәртібін айқындайды;"

8) тармақша алынып тасталсын;

5) 6-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"6-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) дәрілік заттар айналымы саласында бірыңғай азаматтардың денсаулығын сақтау саясатын жүргізеді және іске асырады;
- 2) фармацевтика ғылымын дамытудың негізгі бағыттарын айқындайды;
- 3) дәрілік заттар айналымы саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен нормативтік құжаттарды, сондай-ақ нұсқаулықтар мен әдістемелік нұсқауларды әзірлейді және бекітеді;
- 4) фармацевтика кадрларын қайта даярлау, біліктілігін арттыру және мерзімдік аттестаттау тәртібін белгілейді;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде тегін дәрілік көмек көрсетуге арналған негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттар тізімін бекітеді;
- 6) дәрілік заттарды негізгі (өмірлік маңызы бар) дәрілік заттарға жатқызудың тәртібін белгілейді;
- 7) дәрілік заттарды сынақтан өткізуді және (немесе) зерттеуді жүзеге асыратын клиникаға дейінгі әрі клиникалық базалар мен аккредиттелген сынақ зертханаларының тізбесін бекітеді;
- 8) дәрілік заттарды алу және жою ережесін әзірлейді;
- 9) дәрілік заттардың түпнұсқа атауларын бекіту тәртібін белгілейді;
- 10) дәрілік заттардың сапасы мен қауіпсіздігін бақылау жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттарды жасау ережесін бекітеді;
- 11) рецепттер жазу, дәрілік заттарды есепке алу және беру ережесін бекітеді;
- 12) дәрілік заттарды дәрігердің рецептімен және рецептісіз берілетін дәрілік заттар тізбесіне жатқызу критерийлерін айқындайды;
- 13) халыққа шұғыл медициналық көмек көрсету үшін алғашқы көмек көрсету дәрі қобдишасының құрамын бекітеді;
- 14) консультативтік-кеңесші және сараптамалық комиссия құрады;
- 15) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеясын бекітеді;
- 16) Халықаралық фармакопеялардың жекелеген стандарттарын шет мемлекеттердің дәрілік заттарының фармакопеялық құжаттары мен басқа да нормативтік-техникалық құжаттарын тану туралы шешім шығарады;
- 17) дәрілік заттарды басқару жөніндегі республикалық ақпарат жүйесін ұйымдастырады;
- 18) дәрілік заттар айналымы саласындағы заңды және жеке тұлғалардың фармацевтикалық қызметін және дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын бақылауды жүзеге асырады;
- 19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлар айналымына байланысты қызметке лицензия береді және кері қайтарып алады және лицензияның қолданысын тоқтата тұрады;

20) фармацевтикалық қызметте лицензиялау ережесінің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

21) дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеуді және қайта тіркеуді, сондай-ақ кейіннен дәрілік заттарды мемлекеттік тіркеу туралы шешімді қайтарып ала отырып, мемлекеттік тіркеудің күшін тоқтата тұруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының дәрілік заттардың мемлекеттік тізілімін жасайды;

22) фармацевтика саласының ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын, сондай-ақ фармацевтикалық қызмет объектілері басшыларын кәсіби құзыреттілікке мерзімдік аттестаттауды жүргізеді;

23) фармацевтика қызметкерлеріне жоғары және бірінші біліктілік санатын береді;

24) дәрілік заттар айналымы саласына дәріхана және басқа да тәжірибелердің халықаралық стандарттарын енгізу жөнінде шаралар қабылдайды;

25) дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілерді аккредиттеуді жүзеге асырады;

26) фармацевтикалық қызметті лицензиялау кезінде дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің біліктілік деңгейге сәйкестігін тәуелсіз сараптамалық бағалау үшін заңды тұлғаларды аттестаттауды жүргізеді;

27) медициналық көмек көрсетудің барлық деңгейлерінде дәрілік заттардың ұтымды пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

28) дәрілік заттарды, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды әкелуге және әкетуге келісуді жүзеге асырады;

29) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен қосымша құн салығынан босатуға жататын денсаулық сақтау ұйымдары мен фармацевтикалық қызмет объектілеріне ұсынылатын тауарлардың мақсатқа сай пайдаланылуын растауды жүзеге асырады;

30) дәрілік заттар айналымы саласында мониторингті жүзеге асырады;

31) фармацевтикалық қызметті және дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы фармацевтикалық тексеру актісін жасайды;

32) дәрілік заттарға, медицина техникасы мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға салық салу және баға беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

33) жеке және заңды тұлғалардың фармацевтикалық қызмет мәселелері жөніндегі өтініштерін қарайды;

34) өз құзыреті шегінде дәрілік заттар айналымы саласындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асырады.";

б) 7-бап алынып тасталсын;

7 ) 8 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

2-тармақшада "(дәріхана пункттерінің, дәріхана дүңгіршектерінің)" деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "дайындау," деген сөз алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Жергілікті бюджеттердің есебінен дәрілік заттар бір орталық арқылы сатып алынған жағдайда, конкурсты ұйымдастырушылар облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдарын айқындайды.";

8) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Дәрілік заттар айналымы саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдары

1. Дәрілік заттар айналымы саласында мемлекеттік қадағалау мен бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның лауазымды адамдары:

1) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы;

2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік фармацевтика инспекторлары;

3) тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша Қазақстан Республикасының бас мемлекеттік фармацевтика инспекторлары;

4) тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша мемлекеттік фармацевтика инспекторлары.

2. Фармацевтикалық қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар жоғары фармацевтикалық білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.

3. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторын Қазақстан Республикасының Үкіметі денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган басшысының ұсынуы бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Уәкілетті органның басшысы Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторының орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

5. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік фармацевтика инспекторы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы баптың 2) және 3) тармақтарында көрсетілген лауазымды адамдарды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

6. Тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша бас мемлекеттік фармацевтика инспекторлары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті облыстар (астана, республикалық маңызы бар қала) бойынша мемлекеттік фармацевтика инспекторларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.";

9) 10-баптың 1-тармағының 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) дәрілік заттардың үлгісін алуға жататын фармацевтикалық қызмет субъектілерінің қаражаты есебінен сараптама жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын

және жеткілікті мөлшердегі осы өнімнің құнын өтемей-ақ, дәрілік заттардың үлгілерін алуға";

10) 11-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) фармацевтикалық қызметті және дәрілік заттардың қауіпсіздігін, сапасын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауға";

1 1 ) 1 2 - б а п т а :

3-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен дәрілік заттарды тіркеу кезінде өтініш берушінің есебінен өндіруші кәсіпорынға бару жолымен өндіру жағдайларын бағалауды жүзеге асыруға болады.";

5-тармақта "және дайындалады" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақ алынып тасталсын;

1 2 ) 1 4 - б а п т а :

мемлекеттік тілдегі мәтіні мынадай мазмұнда жазылсын:

"Фармацевтикалық қызметті лицензиялау";

1 - т а р м а қ т а :

бірінші абзацта "фармацевтикалық қызметтің мына түрлері" деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

2) тармақша алынып тасталсын;

13) мынадай мазмұндағы 14-1 баппен толықтырылсын:

"14-1-бап. Дәрілік заттар айналымы саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Мемлекеттік бақылауды дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілердің Қазақстан Республикасында дәрілік заттардың айналымын реттейтін нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың, ережелер мен нормалардың сақтауын айқындау мақсатында уәкілетті органның лауазымды адамдары жүзеге асырады.

2. М е м л е к е т т і к б а қ ы л а у :

1) жасырын хабарлардан, соның ішінде халықтың денсаулығына және ұлттық қауіпсіздікке төнген қауіпті дереу жоюдан басқа, дәрілік заттардың қауіпсіздігін, тиімділігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ шағымдар, өтініштер және басқа да ресми қатынас түрлері бойынша тексерулерді;

2) уәкілетті органның лауазымды адамдары берген ұйғарымдарды орындауға және олардың бұзылуын болдырмауға бағытталған іс-шараларды жүргізу жолымен жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Бақылау органдары шешім қабылдау үшін қажетті қосымша ақпарат алу мақсатында үшінші адамдарға қатысты тексерулер жүргізуге рұқсат беріледі.";

1 4 ) 1 5 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :



2) тармақшада "стационарлық емделу, төңірегіндегілер үшін қауіп төндіретін аурулардан емделу кезінде," деген сөздер алынып тасталсын;

5) тармақшада "уәкілетті және мемлекеттік органдарға" деген сөздер "уәкілетті органға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Азаматтардың жекелеген санаттарына және аурулар түрлері бойынша дәрілік заттар тегін және жеңілдікпен беріледі. Аурулар түрлерін, азаматтардың санаттары мен дәрілік заттарды уәкілетті орган айқындайды.";

15) 18-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Клиникаға дейінгі сынаулар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізіледі.";

16) 19-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Клиникалық сынаулар денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен өткізіледі.";

17) 20 - б а п т а :

4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Фармокологиялық және дәрілік заттардың клиникалық зерттеулерін және ( немесе ) с ы н а у л а р ы н :

1) зерттелетін дәрілік зат тек бала ауруларын емдеуге ғана арналған немесе клиникалық сынаулардың мақсаты кәмелеттік жасқа толмағандарды емдеуге арналған дәрілік заттарды неғұрлым дұрыс мөлшерлеу туралы деректерді алу болып табылатын жағдайдан басқа, кәмелеттік жасқа толмағандарға. Бұл жағдайларда дәрілік заттарды кәмелеттік жасқа толмағандарға клиникалық сынаулар алдында кәмелеттік жасқа толғандарға сынаулар жүргізіледі. Кәмелеттік жасқа толмағандарға дәрілік заттарды клиникалық сынау жүргізген кезде олардың ата-аналарынан жазбаша келісім алу керек. Ата-анасы жоқ кәмелеттік жасқа толмағандарға дәрілік заттардың клиникалық сынау жүргізуге т ы й ы м с а л ы н а д ы ;

2) қажетті ақпарат тек дәрілік заттарды жүкті әйелдерге клиникалық сынаулар кезінде алынатын және жүкті әйел мен ұрыққа зиян келтіру қаупі төнбейтін болғанда ғана жүкті әйелдерге арналған дәрілік заттарды клиникалық сынаулар жүргізу жағдайларынан басқа, жүкті әйелдерге;

3) әскери қызметшілерге;

4) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдар мен тергеу изоляторларындағы қамаудағы адамдарға;

5) әрекетке қабілетсіз деп танылған адамдарға жүргізуге тыйым салынады.

Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген тәртіппен психикасы ауыратындарға және әрекетке қабілетсіз деп танылғандарға психикалық ауруларды емдеуге арналған дәрілік заттарды клиникалық сынауларға рұқсат беріледі.";

18) 21 - б а п т а :

1-тармақ "уәкілетті орган бекіткен тәртіппен" деген сөздермен толықтырылсын;

2 және 3-тармақтарда "дәрілік заттар айналымы саласындағы субъектілер" деген сөздер "денсаулық-сақтау субъектілері" деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 24 - бапта :

тақырыбында "нұсқаулықтар" деген сөз "нұсқаулық" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Дәрілік заттар айналымға денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен оларды қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тілдеріндегі нұсқаулықтармен қоса түсуге тиіс.

Мамандар үшін дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулық мамандандырылған баспа басылымдарында және электронды нұсқаларда орналастырылады.

Тұтынушыларға арналған дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулық ( түсініктеме-жапсырма) дәрілік заттың орамына қоса беріледі.

Нұсқаулықтың мәтінін жасау тәртібін және мамандар мен тұтынушылар үшін қолдану жөніндегі нұсқаулықтардағы ақпараттың ең аз мазмұнын уәкілетті орган а й қ ы н д а й д ы . " ;

2-тармақта "тұтынушыларға арналған" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

20) 25-бап алынып тасталсын;

21) 26-баптың 2-тармағында "дәріханалық пункттерде, дәріханалық дүңгіршектерде " деген сөздер алынып тасталсын;

22) мынадай мазмұндағы 26-1 баппен толықтырылсын:

"26-1-бап. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету

1. Тегін медициналық көмектің кепілді көлемін көрсету үшін дәрілік заттармен қамтамасыз ету бекітілген дәрілік формулярға сәйкес және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен Негізгі (өмірлік маңызды) дәрілік заттар тізімінің шеңберінде жүзеге асырылады.

2. Дәрілік заттар халықаралық патенттелмеген атаулармен сатып алынады. Көп компонентті дәрілік затты сатып алған жағдайда оның құрамы көрсетіледі.";

23) 28 - бапта :

3-тармақтың 1) тармақшасындағы алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"денсаулық сақтау ұйымдарын Қазақстан Республикасында тіркелген, функциялық өлшемдері бойынша теңдесі жоқ медициналық жабдықпен жарақтандыру;"

6-тармақ мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) медициналық қызметті жүзеге асыру үшін денсаулық сақтау ұйымдары.";

7-тармақта "сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да құжаттар" деген сөздер алынып тасталсын;

24) 30-баптың 2-тармағында "хабардар етеді" деген сөздер "мәліметтер береді" деген сөздермен ауыстырылсын;

25) 32-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын:

" 5 - 1 . М ы н а л а р ғ а :

1) қоғамдық көлікте, мақсатына, пайдаланылуына және босатылуына қатысы жоқ ұйымдарда дәрілік заттың жарнамасын таратуға және орналастыруға;

2) плакаттар, стендтер, жарық таблолар, билбордтар, транспаранттар, жарқағаздар мен жарнаманы стационарлық орналастырудың өзге де объектілері түрінде ұсынылған сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға;

3) дәрілік заттар туралы ақпаратты ғылыми немесе білім беру мақсатында тарату жағдайларын қоспағанда, дәрілік заттарды тағайындауға уәкілетті медицина қызметкерлерін жарнама таратушы ретінде пайдалануға тиым салынады."

13. "Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 16 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 13, 73-құжат):

1) 1-баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен белгіленетін, азаматтардың денсаулығын сақтау, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылық, дәрілік заттар айналымы, медициналық қызмет, медициналық және фармацевтикалық ғылым және білім сапасын бақылау жөніндегі саланы мемлекеттік реттеуді іске асыратын мемлекеті орган;"

2) 7-баптың тақырыбында "азаматтардың ұрпақты болу құқықтары саласындағы" деген сөздер алынып тасталсын."

**2-бап.** Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Дәрілік заттарды бөлшек саудада сатуға лицензия алған дәріханалық пункттер мен дәріханалық дүңгіршектер осы Заң қолданысқа енгізілгенге, 2007 жылғы 1 қаңтарға дейін өз қызметін іске асыра береді.

2. 1-баптың 3-тармағының 2) тармақшасында белгіленген нормалар 2007 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*